

## Қарасу негізгі мектебінің мектеп кітапханасындағы 2021-2022 оқу жылындағы Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша өткен шаралардың қорытындысы

**Жобаның негізгі мақсаты:** Оқу мәртебесін, оқу белсенділігін, оқу сапасын, оқу деңгейін арттыру, оқушылардың интеллектуалды кітап оқу дәстүрін арттыру.

### **Жобаның міндеттері:**

-Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін арттыру

-Мектеп оқушыларының қызығушылықтарын арттыра отырып, кітап оқуға бейімділіктерін арттыру

### **Жобадан күтілетін нәтижелер**

Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін артады.

Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығы дамиды.

2021-2022 оқу жылы бойынша Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша жұмыстар жалғасын табуда. Мектепшілік жоспар бойынша тақырыпқа сай шаралар өтілді.

«Ұлт ұстазы» атты Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына 5-6 сыныптар арасында танымдық сағат өткізіледі. Танымдық сағаттың мақсаты Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы туралы оқушыларға ақпарат беру, шығармашылығымен таныстыру. Оқушылар арасында қосымша сұрақтар қойылып, кері байланыстар жүргізіледі.



6 сынып оқушылар арасында «Алтын жүректі АНА» атты көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты оқушыларға С.А.Назарбаеваның өмірбаянымен еңбек жолымен таныстырып отырып, оларға ізгілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қасиеттерінің нәрін қалыптастырып одан әрі дамыту. Көрмеде тұлғаның еңбек жолындағы өзіндік ерекшеліктерін оқушыларға дәріптей отыра таныстырылды. Көрме барысында оқушылар өз ойларын ортаға салды




«Дәстүр мен ғұрып» атты танымдық сағат өтті. Өткізілген шарада келешек ұрпаққа қазақ халқының байырғы атадан балаға мирас болған салт-дәстүрлерін дәріптеу олардың маңыздылығын түсіндіру. Шара барысында салт дәстүрлердің бірнеше түрлері көрсетілді. Дәстүріміз сана, ғылым, тәрбие тіршілік ережесі екені таныстырылды.



Мектебімізде «BOOCROSSING» кітап сөресі ашылды. Мақсаты мектеп оқушыларын кітап оқуға баулу және қызығушылықтары арқылы достарымен бөлісу. Буккросинг балалардың оқуға және кітаптарға деген көзқарасын өзгертеді.



«Кітап оқу-жас ұрпақ тұлғасының үйлесімді дамуы» атты 5-6 сыныптар арасында танымдық сағат өтті.Өткізілген шарда мектеп оқушыларына кітап оқу арқылы ой-өрісін дамыту.Кітап оқудың маңыздылығы түсіндірілді.



Тілдер күніне орай «Өзге тілдің бәрін біл-өз тіліңді құрметте» атты танымдық сағат өткізілді.Өткен шарда оқушыларға қазақ тілінің қадыр-қасиеті,маңыздылығы түсіндірілді.Оқушылар қазақ тіліне байланысты қазақ әдебиетінен алынған шығармаларды ортаға салды.





Жұмыс жоспарына сәйкес сынып жетекшілері мен оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі кезеңінен бастап, кітапты ұстау мәдениетін түсіндіру, балаларға кітапқа деген оң көзқарасты қалыптастыру, кітапты ұстау тәртібімен таныстырылды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, мектебімізде үзілістерде және сабақтан тыс іс-шаралар әр ай сайын оқушылармен жұмыс жүргізіліп тұрды. Шаралардың негізгі мақсаты оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Кітапқа деген құрметін қалыптастыру. Тұрақты оқырман болуға шақыру. Кітап оқу-саналы тұлға болудың кепілі екенін түсіндіру. Ұйымдастырылған әрбір шараның мақсатында кітапсүйер оқушы болуға үндеу тасталып отырды.